

Астрахан ауылдық округі әкімінің 2010 жылғы 21 маусымдағы № 2 "Жаңабірлік және Тобылжан ауылдарының көшелеріне атаулар беру туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Ақмола облысы Астрахан ауданы Астрахан ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 27 ақпандағы № 1 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 29 наурызда № 5858 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабының 2 тармағына сәйкес, Астрахан ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Астрахан ауылдық округі әкімінің "Жаңабірлік және Тобылжан ауылдарының көшелеріне атаулар беру туралы" 2010 жылғы 21 маусымдағы № 2 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1-6-131 болып тіркелген, 2010 жылғы 6 тамызда "Маяк" аудандық газетінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

шешімнің кіріспесі келесі редакцияда жазылсын:

" "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабының 2 тармағына сәйкес, халқының пікірін ескере отырып, Астрахан ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**".

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Астрахан ауылдық
округінің әкімі

О.Гребенников

"КЕЛІСІЛДІ"

Астрахан ауданының "Мәдениет
және тілдерді дамыту бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің басшысы

Г.Карасаева

27.02.2017 г.

Астрахан ауданының "Құрылыс,
сәулет және қала құрылысы бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің басшысы

Н.Кулаков

27.02.2017 г.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК